

**Шахмарден
Қалихан Ысқақ**

«Қ А З А Қ Т А Р»

Бірінші көрініс

XIX – эпизод. Мойынсыз, Қасым, Нагир-ханум

XX – эпизод. Мойынсыз, Қасым, Нагир-ханум, Молла.

XXI – эпизод. Нагир-ханум, Қасым, Мойынсыз.

Екінші көрініс

XXII – эпизод. Дуана-сарбаз, Қасым, Тыртықбет, Мойынсыз.

XXIII – эпизод. Дуана-сарбаз, Жансыз, Қасым, Мойынсыз, Қолбасы, Рубасы.

Үшінші көрініс

XXIV – эпизод. Қасым, Мойынсыз.

Төртінші көрініс

XXV – эпизод. Мұхаммед, Темір, Жасауыл.

XXVI – эпизод. Бек, Тыртықбет, Мұхаммед, Темір.

Бесінші көрініс

XXVII – эпизод. Гүлбахар, Мойынсыз.

Алтыншы көрініс

XXVIII – эпизод. Қасым, Тыртықбет, Саийд, Нагир-ханум, Мойынсыз

БІРІНШІ БӨЛІМ

Запись: Онбесінші ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда төрт мемлекетке бөлініп, соның бір аймағы – Каспийден Алтайға, төменнен Ташкентке дейінгі ұлан-қайыр өлке Әбілхайырдың өлке билігінде қалды. Әбілхайыр хан қарамағындағы жұртын исламды мемлекеттік дін деп жариялаған Алтын Орданың соңғы ханы Өзбектің құрметіне өзбек-қазақтар деп атаған еді. Мұсылман күнтізбесі бойынша 853 жылы, христиан күнтізбесі бойынша 1450 жылы Әбілхайыр хандығынан көшпелі өзбек-қазақ бөлініп шықты да 1457 жылы Шу бойына көшіп қонған Жәнібек хан мен Керей сұлтан тұңғыш рет қазақтың тәуелсіз мемлекетін жариялады. Тәуелсіздік жолындағы жойқын соғыс 1468 жылдан 1485 жылға дейін созылып, Шайбани әулетінен шыққан өзбек хандарының тас-талқаны шықты да Қазақстан геосаяси қартадан өзінің тұрақты орнын алды.

Бірінші көрініс

Жәнібек ханның ордасы. Жәнібек хан, сұлтандар Керей, Қасым, Әдік, Мұрындық. Сақшы киіміндегі қызметші кіріп келіп, тағзым етеді.

Қызметші. Ханием? Жаушылар есік көзінде түгел күтіп тұр.

Жәнібек. Кірсін.

Қызметші. Бәрі ме, біртіндеп пе?

Жәнібек. Көрген көз, естіген құлақты тығындай алмайсың. Тек ішіндегіні оқымаса болды да. Түгел кірсін, бірінің аузын бірі сауғанша түгел естісін!

Күзетші шығып кетіп, үш бірдей жаушыны ертіп кіреді. Жаушылар тізе бүгіп тағзым еткен соң қатар тұрып ханның әмірін күткен.

Жәнібек. Кәне, қайсың жайдақ, қайсың жаяу қайттыңдар? Жамандық па, әлде жамандыққа бергісіз жақсылық әкелдіңдер ме? Қайсың бастайсыңдар?

Бірінші жаушы. Ханием, соның екеуі де маған мініс берді-ау деймін.

Жәнібек. Жүгің ауыр екен, ендеше баста.

Бірінші жаушы. Қалмақ ханы Ұз-Темір тайшы Әбілхайырды тізе бүктіріп, бір ұлын аманатқа алып кетті. Әбілхайыр моғолдарға жорығын тоқтатып, тым-тырс жатыр. Естуімше, беті қайтпайтын сырқат дейді.

Екінші жаушы. Ханием, Ұз-Темір тайшы елін түгел көтеріп, караорманына қайтып кетті. Шу біржола тазарып, Жетісудың терісі бос қалды. Әзірге олай қарай жылжыған ешбір ел жоқ.

Үшінші жауапшы. Қалмақтар моғол қолына соқпады, бауыры Жүніс ханға сенбеген соң Есен-Бұға да оларды алдынан тоспады. Жүніс хан осында еру боп келіп, сізге сәлем беретін түрі бар. Бұл көргенім. Ал құлаққа

сенсеңіз, Мұхаммад Шайбани Самарқанттан шықты деп естідім. Оның беті де осылай болса керек.

Хан да, сұлтандар да тым-тырыс. Тек Қасым сұлтанның мырс етіп күлгені осы тыныштықты бұзып еді. Керейден басқасы оған түгелімен көз қиығын тастаған. Жәнібек күзетшіге қызметшіні шақыртып:

Жәнібек. Қазнашыға тапсыр, қосарымен жігіттердің көлігін, киім-кешегін жаңартсың. Қалғанын өзі біледі.

Жаушылар тағзым етіп шығып кеткенде, ордада ақсүйектердің өзі ғана қалғанда...

Қасым (*екі қолын құлаштай көтеріп*). Екі қолы босады, енді екі аяққа тек үзенгі жалынсын!..

Жәнібек. Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді!..

Қасым. Өзіңіз айтқан жамандыққа бергісіз жақсылық осы емес пе!

Жәнібек. Ойнасаңдар да ойлап істеңдер! Ойланыңдар...

Екінші көрініс

Қасым сұлтанның шатыры. Қасым сұлтанның жатқан орны керегемен қоршалған. От басын қоршаған сарбаздар.

Дауыс. Былай тұрыңдар! Сұлтан Әбу-л-Фатых Мұхаммад Шайбани Қасым сұлтанға келе жатыр!

Мұхаммад сұлтан келеді. Соңында сақшысы Қойкелді. Тойкелді сұлтанды өткізіп жіберіп, Қойкелдінің алдына кесе көлденең тұра қалады.

Қойкелді. Жоғал арман!

Тойкелді. Саған бұл ордада орын жоқ!

Қойкелді. Жоғал дедім ғой! Қағып тастаймын!

Тойкелді. Көтіңе қара!

Мұхаммад. Бұл менің сақшым.

Тойкелді. Иіс алмастың орны иткірме!

Қойкелді. Төр тимесе де төлеңгіттің орны менікі!

Мұхаммад. Қала бер осында, қажетің жоқ!

Қойкелді. Бекзаданың оққағарына орын табылады! (*Қалқанымен Тойкелдіні қағып қалады*)

Тойкелді (*қалқан қағыстырып*). Бекзадамен табақтас болғандай танаурама!

Қойкелді. Мойныңды бұрап тастаймын, қаңғырған қазақ!

Тойкелді. Кеуек басың кебінсіз қалып жүрмесін, кетпенге шоқынған кенеусіз өзбек!

Төбелес басталады. Мұхаммад сұлтан екеуін қызықтап тұрады. Кереге ішінен Қасым басын көтереді.

Қасым. Ұйқымды бұзған қай дарақы?! Екеуін де жауырын түйістіріп матандар да от басына лақтырып тастандар!

Сарбаздар орындауға кіріседі.

Тыртықбет. Ұста анауын! Мен мынаны жәукемдейін!

Тойкелді. Әй, маубас, менде нең бар?! Алдымен ананы бүкте!

Жиренбас. Кешір, Тойкелді, бұйрық осындай!

Қойкелді. Мен Мұхаммад сұлтанның сақшысымын, жан керек болса қол көтерме!

Тұлымды. Жанын көзіне көрсет!

Жиренбас. Тыпырласаң тырпыңды қалдырмаймын! Мықтап матандар да бері алып жүріндер!

Сарбаздар жауырын түйістіріп маталған екеуін алып кетеді.

Үшінші көрініс

Мұхаммад. Қасым!

Қасым. Мұхаммад!

Мұхаммад. Сен әлі ұмытпаған екенсің. Екеумізді төбелесе бермесін деп баяғыда жауырын түйістіріп байлап тастаушы еді.

Қасым. қашан келдің?

Мұхаммад. Жаңа ғана.

Қасым. Ең бір қырғын жерінде ұйқымды үзіп жібергенің.

Мұхаммад. Талма түсте талапсыз ғана ұйықтайды. Сен азанға намазды да қаза қылған шығарсың?

Қасым. Ат үстінде ашамайынды сулап жүріп бес намаз сенің неңді алған! Намаздың қазасы адамның қазасынан қымбат емес шығар.

Мұхаммад. Адам да албастының абысыны емес пе! Шариғат жолы қымбат па, шайтан жолы қымбат па?

Қасым. Онда сен де албасты болғаның да. Азаттық деп арпалысқан қалың түркі албастының борбайынан тарағаны ма?

Мұхаммад. Арпалысып қаза тапса – шейіт кеткен. Орны жұмақ. Шариғат жолынан жаңалып жазалы кетсе – тозақтың төрі!

Қасым. Шариғатшылым-ай! Ендеше Ақжолдың өлімін қайтесің? Тозақтың төрінде ме, жұмақтың босағасында ма?

Мұхаммад. Ол әншейін боқ басында босқа кеткен құрбандық еді ғой. Етектегі таласқан еркекті ер санатына қоспаймын! Құны да соқыр тиын! Қаңғыбас қазақ түсінде де қатын көретін әдеті емес пе!

Қасым. Рас айтасың! Бірақ, менің көргенім хор қызы!

Мұхаммад. Хордың қызы не, қордың қызы не, айырмасы қанша. Түбі бәрібір ұрғашы! Бірақ сен одан не түсінетін едің!

Қасым. Сен түсінетін шығарсың?!

Мұхаммад. Жүзін таңдадым десем аз, жүзіп жүрмін десем көп. Хиуаның моншасына бір кіріп шықсаң, дүниенің төрт бұрышынан жиналған кәнізәктар көздің жауын алады. Өзің айтқан хордың қызы да сонда. Айтып ауыз ауыртқанша, көзбен көрген жақсы. Маған еріп Хиуаға жүр, моншаға бір түссең қызығына батасың!

Қасым. Бір шомылу үшін бір ай жол шегу керек пе?! Онанда әкеме тезірек үйлендір демеймін бе.

Мұхаммад. Жардың жөні бір басқа, моншаның рахаты мүлдем бөлек. Алдымен адам жұмсап, артығын қуып шық дейсің. Одан соң өзің барып, есіктің оймақтай тесігінен сығалап қарайсың да ұнатқаныңды таңдайсың. Сосын... *(құлағына сыбырлап бірдемені айтады)*.

Қасым. Өтірікті соқпа! Ондай бола ма екен?!

Мұхаммад. Өтірікке өсім сұрап тұр деп пе едің! Сосын... *(тағы да құлағына сыбырлай)* Хиуаның моншасы деген осы, бауырым!..

Қасым. Сонда сенің жайнамазың жалаптардың жаялығы болды ғой! Қажылы өтінде, иманы көтіне біткен шарифатшылым, саған тозақтың төрін былғату да обал екен-ау!

Мұхаммад. Екі дүниенің есігі мен төрін өлшейтін өлермендік саған қайдан жүкқан? Боқмұрын!

Қасым. Сен менен бір-ақ жас үлкенсің. Жас та болсам жүз қылыш жасағым бар!

Мұхаммад. Мен мың қылышты жасақпен жауға шапқам!

Қасым. Көргем сенің жауға шапқаныңды. Сығанақ түбінде бұтына жіберіп қашқаныңды! Сенің мың қылышың табан тіреп ұрысты ма, менің жүз қылышыма тұрысты ма?! Сонда құлағыңды кесіп алып қалмағаныма өкінем! Сығанаққа тығылып жаның қалды!

Мұхаммад. Тығылған мен жоқ. Даланы тастасам да қаламды қорғау борышым еді. Құлан жортпас қу даланы менікі деуге бола ма?! Жусаннан басқа жұғымы жоқ қу медиенді қалама менің балама!

Қасым. Сығанақ менікі!

Мұхаммад. Қашаннан бері?

Қасым. Менікі болмаса, әкем хан Жәнібек Әбу Саидтікі! Ар жағын құсаң, бабам Барақтан қалған!

Мұхаммад. Жалған!

Қасым. Жылан жылы мешіт салған! Жылқы жылы ақша сарайын тұрғызып, теңгемен пенденің сұбабын алған! Бұл сенің тесік моншақ тоғытатын харам моншақ емес!

Мұхаммад. Сенің бабаң лақса барақты Алтын Орданың тағынан лақтырып тастаған! Қашып келіп, екі жыл Сығанақта жанын сақтаған!

Қасым. Сол лақса арыстан Ақсақ Темірдің немересі, Самарқанның әмірі Ұлықбектің тас-талқанын шығарып, Тараз бен Түркістанды қосып алғаны қайда?!

Мұхаммад. Менің атам Сығанақты қайыршы мен қаңғыбастың мекені деп менсінбей, ноғайлының мырзаларына атқора ретінде сыйлаған!

Қасым. Түу, ел естімеген мырзалық! Қорасын сыйлағанмен, көң-коқырын қалай қиды екен? Тегі, Әбілхайыр атаң боқтан боталы түйе, тұяқтан оқалы түйме жасап күн кешкен өзбектеріңнің мұқтажын ескермеген екен-ау! Тек есінде болсын, Сығанақта Шайбани сұлтандарының бірде-бірінің кіндігі кесілмеген, мына біздер – Орыс хан ұрпақтарының бесігімен оянған, азаншының айқайымен емес, қазағымның тәй-тәйімен жатып-тұрған қасиетті қала! Соны білген ноғайлар бізге келіп қапысыз қосылды. Ал сен осы тойғаныңмен Хиуаға тай! Өңіріңнен өңездің иісі шығады – моншаға жет, қамау терінді кәнізәктерің сағынып қалған шығар – нәпсі де бір індет!

Мұхаммад. Иә, Орыс ханның ұрпағы, тегіңнен тентек едіңдер. Тектілік тек бізде ғана қалған! Сонсоң да Әбілхайыр атамның жалпақ жұрты ертең тек маған бағынбақ! Тек маған!

Қасым. Даладан қуып қалаға тығып едік, енді қаладан індетсем тығылатын жыртық таппай жүрме! Кіндігіміз бір болғанмен бесігіміз бөлек, жұбатудың орнына жаназанды оқып жүрмейін!.. Сөйт!.. Сөйте ғой, бекзада сұлтаным!..

Мұхаммад *(семсеріне қол салып)*. Соны мен оқып жүрмейін!..

Қасым. Солай де!.. *(керегеден қайқы қылышын алып)* Ендеше қылыштың жүзін қыл кеңірдегіңді орғанда сезінерсің!..

Керей сұлтан келеді.

Керей. Оу, мырзалар! Тамырларың бір болғанмен таластарың таусылмап па еді?! Қасым, Мұхаммад бекзаданың қонақ екенін ұмыттың ба?

Қасым. Болса қайтейін. Ассалаумағаләйкум, сұлтан көке!

Керей. Уалейкум салам, бекзада! Бір бірінді жағадан алар жат емессіңдер. Бәріміз де ұлы Шыңғыстың ұрпағымыз. Әлде тобырдың тоңмойындығы жұққан ба!

Қасым. Ұлының ұрпағы екеніміз рас. Ұрпағының бәрі ұлы болса, қарадан хан көбейіп, әр пақырға бір патша, әр шатырға бір ханша, байғыздай сұңқылдап отырмас па еді!

Керей. Би екеу – дау төртеу. Сөзіңнің жаны бар. Бірақ, еншің бөлінбей, ел іші сөгілмей жатып құр бекер қылышпен ауа жыртқандарың бос тыртаң боп жүрмесін.

Қасым. Бәрібір мен мұнымен қатар түзеп жауға қарсы шаппаймын!

Мұхаммад. Оған да жүрек керек шығар. Мен де бұған иісімді қоспаймын! Сұлтан көке, мен сіздерді қуантайын деп келіп едім. Алланың бұйрығымен сұлтандарға тағы бір шанырақ қосылды – мен отау тіктім.

Керей. Бұл бір жақсы хабар екен, Мұхаммад. Құзыры күшті Жаратқан Ием келінді етегінен жарылқап, ұлы хан Әбілхайырдың ұрпағын көбейте берсін! Иә, таңдағаның кім болды екен?

Мұхаммад. Михр-ханум, Жүніс ханның үлкен қызы. Ағаларыммен, бауырларыммен таныссын деп әдейі ертіп келдім. Осы жасына дейін Орыс

ханның тұқымынан ешкімді көрмепті. Жаңылмасам, өткен жылы Сығанақта қасым ғана көрді-ау деймін.

Керей. Ризамын. Ұзағынан сүйіндірсін!

Мұхаммад. Онымен бірге сіңлісі Нагир-ханум ере келген еді. Жүніс хан Жәнібек ханмен құда болғысы келетінін жасырған жоқ.

Керей. Сәтімен болғай. Ниеті Жаратқанның құлағына шалынсын. Жәнібек ұлдарын отау шығаруды көптен бері көксеген. Жүніспен құда болса, Құдайдың бергені, сен де сыртта қалмассың, Мұхаммад. Жә, сұлтандарым, Жәнібек хан күтіп отыр.

Керей шығып кетеді. Оның соңынан ере жөнелген Мұхаммадты Қасым қолынан ұстап тоқтатады.

Қасым. Мұхаммад, сен маған ренжіме, екеуміз ағайын емеспіз бе. Нагир-ханумды менің көргенімді қайдан білесің?

Мұхаммад. Маған өзі айтты. Мүмкін сен Сығанақты тонап жүргенде тосыннан көрген шығар.

Қасым. Мен қақпадан кіре бергенде ол ең соңғы керуенмен шығып бара жатты. Көркіне көзім тоймады. Әлі күнге есімнен кетер емес. Бауырым, таныстыр екеумізді!

Мұхаммад. Қайсың оған бай боласың, қайсың малай боласың – оны әкең шешер. Кеттік. Көңілің қалмасын, көрсетейін.

Төртінші көрініс

Әр жерде лапылдаған от. Ортада қазан асулы. Бір ошақтың басында жсауырындастырып теріс танылған Қойкелді мен Тойкелді.

Қойкелді. Сен тозақтың отына күйесің, қу кәпір!

Тойкелді. Тозағың алыс қой, саған ошақтың оты да жетіп жатыр!

Тойкелді арқасына таңулы Қойкелдіні итеріп, Қойкелді жанұшыра айқайлайды.

Тойкелді. Қалай, шыжық майың еритін бе? Тозақ отынан қалай екен?!

Қойкелді енді Тойкелдіні отқа аунатып түсіреді.

Қойкелді. Қалай, шыжықтың иісі танауыңа барды ма?

Жирен сарбаз. Ей, Тойкелді, өзбекті отқа салсаң өлексенің иісі қолқанды қабады. Онанда кәлләсін қазанға тоғыт!

Тұлымды сарбаз. Қазанға, қазанға тық басын! Босқа құрмалдық болғанша, итке сорпалық болсын!

Саркідір әйел келеді. Таңулы екі жігітті шапалақпен тартып-тартып жібереді.

Ана. Өңшең шірік! Сүйекке таңба болған бейбақтар! Осы масқараны көрмей әкелеріңнің өліп кеткені қандай жақсы болған! Бірін бірі сабаған, бірін бірі талаған, бір кіндік, бір анадан екі бірдей дүлейдің масқарасын көргенше Құдай мені неге алмаған! Ей, Жаратқан, жазығым қанша еді?!

Ана екеуінің арқанын шешеді. Сарбаздар қарқылдап күліп, бұларды қоршай бастайды. Ана от басынан көсеуді алып бұларға сес көрсетеді.

Ана. Ал, сендерге не керек, өңшең иттің күшігі! Немене, ананың қасіреті күлкі болды ма?! Әлде анадан тумай албастының жатырынан жаралып па едіңдер?! Көсеу батпаған өңшең көргенсіздер!

Жирен сарбаз. Ой, шеше, біздің жазығымыз не? Қасым сұлтанның бұйрығы ғой!

Тұлымды сарбаз. Құдай сақтасын, сізге күліп не жетіпті... Әй, жігіттер, пәледен машайық қашқан!

Жирен сарбаз. Егер менің анам осындай болса, қолыма қару ұстап нем бар, жаракты жауға жалаңқол шабатын адам екен... Айып болмаса айтыңызшы, екеуі бір ана, бір әкеден болса, қас дұшпандай неге қырық пышақ?

Ана. Бірін ашық аспанның астында, талма түсте тапқам, екіншісі түн ортасында, ай жарығымен дүниеге келген.

Жирен сарбаз. Дым ұққаным жоқ! Қой кетелік! *(кетіп бара жатып)* Бірі күннің қызуынан құтырып, бірі айдың жарығынан қағынған ба?!

Ана *(Тойкелдіге).* Туған ағаңның бет-жүзін көрмегеніңе бес жыл болып еді, қауышудың орнына қару ала жүгіргенің не?

Тойкелді. Бұл енді маған аға емес, азғын! Бұл өзбек, мен қазақпын!

Ана. Қайдағы қазақ? Сен қоңыратсың! Әкең де, атаң да қоңырат болатын. Ұрпағың да қоңырат боп қалмақ!

Тойкелді. Оны да білем. Мен елді айтып тұрмын. Қазақ деген елді. Руға бөліп ұранхайлап, ұр да жықпен күн кешіп едік, енді қазақ болып қандаспасақ күніміз қараң!

Ана. Қазағымбысың, азабымбысың, қайдан білейін. Әйтеуір қазаным қайнап, ошағымның басында бала-шағам ойнап отырса деп едім. Маған осыдан керегі жоқ! Бұдан былай бауырласқа ала көзден оқ атып, ағайынға саусақ шошайтар болсаң, ақ сүтімді көкке сауам! Естідіңдер ме? Тойкелді! Ант ет!

Тойкелді. Естідім. Ата-бабамның аруағымен ант етем!

Қойкелді. Естідім. Қайырымды да кешірімшіл Алланың атымен ант етем!

Ана *(Қойкелдіні құшақтап).* Бес жыл бойы елден безіп қалай күн кештің, құлыным?!

Қойкелді. Көргенім соғыс, көмгенім өлік. Жегенім – көн, жастығым – көң. Бірақ тірімін! Алланың рахымымен!

Ана. Сен Алланың құлағына тыныштық бер! Молламен емес, анаңмен сөйлесіп тұрсың!.. Әй, Тойкелді, сен ауылға бар, Шолпанға айт, бауырым келді, дастархан жай де!

Тойкелді үндемей шығып кетеді.

Ана. Сен Шолпанды неге сұрамайсың? Тастап кеткеніңе табандатқан бес жыл, тас жүрегің туламасын білем. Аузыңда Алла тұрып, қарындасқа қайрылмайтын кәпір болмасаң кім едің?!

Қойкелді. Соны іздеп келіп тұрған жоқпын ба.

Ана. Келіп тұрған түрін қара! Тым кеш емес пе?! Қараорманның қамын жемеген, қайдағы бір Әбілхайырдың намазын күзеткендей ол сенің неменей?!

Қойкелді. Ол құдіреті күшті Алланың құлы, діні – құран, сөзі – ұран!

Ана. Онда қайтып келгенің қате болған, Шолпан баяғыда Тойкелдіге қатын болған.

Қойкелді үнсіз.

Ана. Басқа амалым қалған жоқ... Байқұс қызды үш жасар кезінде тауып алып едім. Қалмақтар қырып кеткен көп өліктің ортасында өліп қалған анасының омырауына жармасып жатыр екен. Мен оны мәпелеп өсірдім, саған қарындас болсын деп едім. Ал сен ойымнан шықпадың, ұяттан аттадың! Мейлі, жатыры бөтен ғой, саған жар болғаны да жақсы еді. Бірақ сен құрсағын қампайттың да қашып кеттің!

Қойкелді. Түсімде әулие Әли Мәулім келді де сені Әбілхайырдың әскері күтіп тұр еді.

Ана. Саған әлдебір әулие келген екен, ал біз ше? Біз түсінде емес, өңіндегі өз отбасыңның өзекке тепсе кетпес ұяласың едік қой! Амалсыздан бауырыңа қостым, баланың әкесі Тойкелді деп соқтым! Жетім байқұстың өмірін тозақ, ел көзіне мазақ қылғым келмеді. Енді үйге жүр. Саған жар табылар, жарлысы емес, уызына жарыған, дәулеттісін, әулеттісін іздерсің. Есінде болсын, еркекке етектегі табылар, ана табылмайды!

Қойкелді. Мен осында қалайын. Шолпанға айта бар, Қойкелді сені күтіп тұр дегейсің.

Ана. Тегіннен кезеп едің, кезептігіңді мен де тежемедім. Қайтейін, қалсаң қал. Тек бауырыңның отбасын тағы да былғап жүрме!

Ана кетеді. Қойкелді шапанын жайып намазға жығыла бастайды.

Бесінші көрініс

Мұхаммадтың қоналқы шатырында екі жас әйел: Михр-ханум мен Нагир-ханум. Мұхаммад пен Қасым келеді. Екі әйел орындарынан тұрып қытайы жібек шымылдыққа кіріп кетеді.

Мұхаммад. ТөрлетҚасым!

Қасым. Мен кетейін.

Мұхаммад. Жоқ, отыр.

Қасым жүресінен отырған болады. Шымылдықтан әйелдер қайта шыққанда тағы да ұшып тұрады.

Мұхаммад. Жә, отыра бер, қашан болса да, хан алдында болсаң да арғы атаң Шыңғысхан, бергі тегің Алтын Орданың бегі екенінді ұмытпа.

Қасым. Егер мен барлық бабаларымның қасиеті мен қасіретін қайталай берер болсам, қашан қазақтың Қасым сұлтаны болмақпын?!

Әйелдер сықылықтап күлген. Нагир-ханум саусағымен әлдебір белгі бергенде Михр-ханум соны қайталап, қолымен Мұхаммадты нұсқады.

Қасым. Немене, сіңлісі мылқау ма?

Мұхаммад. Қайран даланың тағысы! Қазір Әндижанда ыммен сөйлесетін әдет шыққан.

Қасым. Мейлі, гәпірсін деуші ме едіңдер? Тек әкесінің ықыласынсыз тілге тартқаным қалай болар екен?

Мұхаммад. О не дегенің! Нагир-ханум да төсек көрген, Темір тұқымының әмірінің тақымынан шыққан. Байы өлген соң бізді басалқа санап жүр.

Нагир-ханум. Мұхаммад сұлтаны ымды да, дымды да қалт жібермейтін сұңғыла, бірақ Қасым сұлтанмен қуыршағым гәплашқысы келіп тұрғаны.

Мұхаммад. Ойлап таппайтындары жоқ! Қасым, Нагир-ханумның қуыршағымен сырласуға қалайсың?

Қасым. Зауқым жоқ!

Михр-ханум. Менің сіңлімнің қуыршағы қазақ сұлтанының тамырын басқысы кеп тұрған жоқ, тағдырына бал ашқысы кеп тұрған болар.

Қасым. Тамырыма қатынның қандыруы батпайды, қуыршақ - әулие емес, тағдырым туралы шатпасын! Өз тағдырым менің қолымда!

Мұхаммад. Біздің тағдырымыз күдіреті күшті Алланың қолында! Қырсықпа, қасым, қуыршақ ермек болғанмен ең құрыса есерлігіңді есіңе салар!

Михр-ханум. Балгер мен сұлтанды оңаша қалдыралық, жастардың жасырын сырын тыңдап қайтеміз.

Мұхаммад *(күліп)*. Байқа, Қасым, басыңды дуалап жүрмесін.

Мұхаммад пен Мухр-ханум кетеді. Нагир-ханум жерден шүберек қуыршақты көтеріп алақанымен сипай бастайды.

Қасым. Мылқау қуыршағың мықты болса айтсыншы мен туралы не біліпті?

Нагир-ханум. Қуыршақтың айтуынша, Қасым сұлтан ұлы елдің ұлы ханы болмақ.

Қасым. Мен оны қу шүберексіз-ақ білемін! Ақылға сияр басқа айтары бар ма?

Нагир-ханум. Қуыршаққа сенсек, сенің болашағың Мұхаммад Шайбани ханға байланысты. Соған дос, сенімді қос болсаң, алдыңда бақ та, тақ та күтіп тұр.

Қасым. Сенің қуыршағың не алжасқан, не албасты. Егер мен Мұхаммад сұлтанның құзырында болсам, ұлы ел, ұлы ханның тұғыры қайдан тимек? Маған берші, мүмкін қолымда басқаша сайрар. *(Қуыршақты қолына алады).*

Нагир-ханум. Иә, неге үндемейсің?

Қасым. Мен алдымен... алдымен қуыршаққа тіл бітсін деп тұрмын.

Нагир-ханум. Қалай, тілі тәтті ме екен?

Қасым. Мұның айтуынша... мұның айтуынша, сен маған қатын болатын түрің бар.

Нагир-ханум. Егер айтқаны рас болса, алдымен саған өзі қатын болсын! *(қарқылдап күліп шығып кетеді).*

Қасым. Нагир-ханум!.. Нагир-ханум, мені түсінбей қалдың... *(қуыршақты жерге атып ұрып).* Мен бұларды қуыршақ пен ойнай ма десем, мені қуыршақ қылып ойнағысы келген екен!..

Алтыншы көрініс

Жәнібек ханның шатыры. Жәнібек, сұлтандар Керей, Мұхаммад, Қасым, Мұрындық, Әдік, бірнеше ел көсемдері.

Жәнібек. Осыдан аз-ақ жыл бұрын Каспийден Алтайға Тұрдан Самарханға дейін өзбек-қазақтың ұлы мемлекеті ен жайлап жатыр еді. Бес қаруы сай, төрт түлікке бай, бізден ажарлы, бізден қаһарлы төрт құбыласында ешбір ел жоқ болатын. Көршілер келіп қоспыз деп, мәңгілікке доспыз деп алдымызға бас иген. Енді міне, өзбек болып бір орда, ноғай болып бір орда, қазақ болып бір орда ту тігіппіз. Туымыз бар, нуымыз қайда?! Қыс пен жазда, ертеңгілік азанда таңғы шапақты асыға күтемін. Көз жетпейтін көгілдір тұнық ғаламды, мынау құс қанатын талдырған шексіз жатқан даламды менікі деуге жасқанам. Аспан мөлдірлігін жойған жоқ, жер көктегенін қойған жоқ. Қашанда осындай болмақ, қашанда осындай болса деймін. Бірақ, ылғида көңілімде бір түйткіл, көкейімде бір уайым, жүрегім неге мұздайды?!

Керей. Ханием, егер жүрегің ауырса, лағыл тасты жаныңнан тастама. Тамыршылардың айтуынша, жүректің дауасы – лағыл тас дейді. Егер рұқсат етсең, мынау лағыл құйған жүзігімді саусағыңа кигізейін.

Жәнібек (*Керейдің ұсынған қолын қабылдамай*). Лағыл бар болғаны асыл тас, жарылса қарғыбауға да жарамайды. Менің жүрегімді мұздатқан ұлы түркінің ұлысқа бөлініп, ұлы хан Әбілхайырдың ұлан-ғайыр елі бір-бірімен шабысып, сұлтандары табысудың орнына бір бірімен атысып, тірісінде ордасын сыйламай, өлген соң обасында жылағаны. Ежелгі Тұранды қайта көтеріп, екі мұхиттың арасын ежелгі түркімен қайта толтырсам деген бабаң Шыңғыстың аманатын неге ұмыттық?! Қазақ та болмасқа керек, өзбек те болмасқа керек, ұлы Тұран бір халықпен толмас па! Бекзада Мұхаммад сұлтан тағы да басымызды қосалық деп отыр. Ұлы ханның немересі тағы да таққа отырса несі айып?! Шайбани тұқымынан жалғыз қалған мұрагер екенін де ескеріңдер. Егер біз көнсек, ноғайлы да ұлы хан деп тануға хұзырына табынуға даяр отыр.

Керей. Керуенбасы қалай салса, керуен соған көнеді. Бірақ, керуен кері бұрылса, ақсақ түйенің алға шығатынын да ұмытпалық. Менің де Мұхаммад бекзадаға айтарым бар: сенің бабаң ұлы хан Әбілхайыр артындағы ұрпағына Тұраннан танбаған, ұрзаңын кигізбек болды. Қастық қылма, қан төкпе деген сол аннан жаңылмаған ұлы елді қалдыруына болатын еді. Бірақ ол бүкіл жұртын шарифаттың заңына жігіндірмек болды. Біз бәріміз де құдіреті күшті Аллаға сенеміз. Алла біреу! Пайғамбар хақ! Алайда құлшылық ету бір басқа, құл болу бір басқа. Қазақ құл болғысы келмейді, аспанда Алла болса, жерде қазақ деген ел бар! Бізде де атам түркі тастап кеткен, кеше ғана бабам Шыңғыс бастап кеткен дәстүр бар, ежелгі түркі заңы бар – ел заңы, тіршілік заңы! Дәстүр бұзбау, заң сыйлау біздің парызымыз. Бізді сыйлау басқаның міндеті! Ұлық бол, мейлің! Кішік бол, мейлің! Ал сенің бабаң қазақ деген жұртқа қасқырдай шауып, қылыштың жүзімен, қанның ізімен оған шарифат заңын кигізбек болды. Қастық қылма, қан төкпе деген сол шарифаттың заңын неге ұмытты? Бекзада Мұхаммадқа тағы бір сауал: егер өзбек-қазаққа ұлы хан болсаң, ол елдің заңы қандай болмақ?

Мұхаммад. Шарифат заңы.

Керей. Түсіндім. Ақырғы сөз сенде, ханием. Қалай жүгінсең де біз түгелміз.

Жәнібек. Жоқ, бауырым, ханның айтқандарының бәрі заң емес, халық деген мал емес. Ел, көсемдері, ру басылары не дер екен?

Бірінші көсем. Ханием, Әбілхайыр қағанаты құласа, оған кінәлі қазақ емес. Тыныш жатқан ел едік, тықыр шығарған өзі, ізгемізді түріп, түгіндігімізден от тастаған жоқ па. Наймандар қазақ болып қалады. Өйткені қазақ деген жамағаттың дүниеге келуі Жаратқанның ісі! Бұл атты енді хан да, қан да өшіре алмаса керек.

Екінші көсем. Атаны міндеп, аруақты тілдеп абырой таппаспыз. Ханием, шайбани сұлтандары өз бауырларың. Қырсығы да, қиянаты да жетіп жатыр. (*Мұхаммад сұлтанды мезгегендей соған қарата*). Егер бүгін біз бетімізді бермесек, күні ертең қалың қолмен қайтып кеп, қырғын салып

жүрмей ме? Ендігі соғыс бауырластың басы кетіп, туысқанның туы жығылатын қасіретті ғадауат. Биліктің дауына бола бітіспейтін жау іздемесек қайтеді?!

Үшінші көсем (бұл да Мұхаммад сұлтанды мегзен). Жау болып келсе – жаласы өзінде қалат та. Қазақ жазықсыз қан төксе, жұмаққа симай қалады деп қорқамыз ба?! Ағайынның бітпейтін дауынан бітімсіз жаудың өзі артық. Әбілхайыр пәтуәлі болса, ағайынды Есен-Бұға мен Жүніс ханның ортасына от тастап, таққа неге таластырды. Таластырып, қойып, үйсіндерге неге бас салды? Қалмақ Өз-Темір тайшыдан жеген таяғының, жатта кеткен кегінің есесін жақыннан алмақ па еді? Қысқасы, үйсіндер Шайбани тұқымдарына сенбейді. Ендігісін өзің шешерсің.

Әдік. Жақынға жаның ашыса жатқа неге шаппадың? Әбілхайыр қалмақтан қорлық көріп жатқанда қол ұшын бердік пе? Бөркімізді баса киіп, бөксемізді Шудың қамысына тықтық та түк көрмегендей отырдық!

Керей. Шудың қамысы да біздің намысымызбен босаған. Өз-Темір тайшы бұл өңірден үдере көшсе, мына бізден, қазақтан сескеніп кетті. Қылыш суырмай, қырғынсыз қыбын тапқан жеңіс деген осы! Қазақ деген халықтың дүниеге келгенін алдымен ата жауымызға танытқан жоқпыз ба! Ағайын аузың сасық десе, ата жау амалсыз мойындап тынды! Ендігі жерде қазақты ешкім бөркімен де, бөксесімен де басып отыра алмады. Атымыз шықты! Енді атағымызды абыроймен қорғау ғана қалды!

Әдік. Қазақ деген елді қайдан таптыңдар? Сырдан сырғып кеп, суыртпақтай Шуды сағалаған азғантай тобыр да ел болып па? Өзбек, ноғаймен қайта қауышсақ, Каспи мен Алтайға тағы да қанат жаяр едік қой!

Қасым. Біз Каспи мен Алтайға онсыз да жетеміз!

Әдік. Қалай?

Қасым. Сөзбен!.. Қылышпен!.. Түбі, құлағы бар бізге құлдық демек, құлағы жоққа бас неме керек?!

Мұрындық. Жер жаулайтын әскерің қайда? Бел тірейтін бекінісің қайсы?

Керей. Хан шатыры қайда қонса, халық сонда. Қыс – Жетісу мен Сырда, көктем – Арқада, жаз – Алтайды, күз – Еділ мен Жайықта! Арғы тегің бөрі екені рас болса, ол да өрісінің шекарасын зәрімен шектейді. Біз адамбыз ғой, ең болмаса қанымызбен көктейік те! Аяқ тірер қазығың, қазығыңның атбайлар атамекені Ұлытау! Ұлытау қазақ елінің кіндігі! Бабаң Жошыдан бастап бүкіл ардағыңның зираты сонда жатқанын ұмытпалық! Ең бастысы – билік! Ендеше билікті қолдан неге бермекпіз? Әлде елдікке татыр халқымыз, таққа татыр ханымыз жоқ па?!.

Қасым. Алдымен Жер керек! Жер табылса билік қашпас! Билік тисе – би табылар!

Әдік. Қыраннан басқа құсы жоқ, қурайдан басқа нуы жоқ, саясынан сайтан да пана таппайтын қу дала маған ұнамайды. Самархан мен Бұхараның бұлағы сылдырлаған бағына не жетсін, құлағы сырғадан тозған қыздарынан қалмақтан бәсіреге келген торшолақтар садаға кетсін!

Қасым. Есесіне қазағымның қырандай қалықтаған еркіндігі ешкімде жоқ! Сол қазақ аяғын қалмақтың қатынына артпасына, басы сырғалы қыздардың көкірегінде жатпасына кім кепіл?!.

Жәнібек. Болды! Қасым, саған қол бастағаннан көрі қолына қауырсын ұстағаның дұрыс болар! Бәріңнен қысқа жауап күтемін: қайтадан шайбани қағанатына кіруді кім мақұлдайды, кім қарсы?

Керей. Мен қарсымын.

Әдік. Мен мақұлдаймын.

Мұрындық. Мен... мен қарсы емеспін.

Жәнібек. Қасым, сен неге үндемей қалдың?

Қасым. Мен қолыма қалам ұстайтын шығармын...

Бірінші көсем. Мен айтарымды айтқам. Хан тұрып қара билік айтпас...

Екінші көсем. Қырық темірдің қылауынан жиналған жұрт жарытып бізге ел болмайды. Өзбек ішінде ежелгі дұшпан, арамзадан қосылған бөтен бар. Бауырым деп қиылып құшақтағанымен қынында пышақ жатпасын дегенім ғой. Ендігі билігін өзің айтарсың...

Үшінші көсем. Қазақтың додасы да, моласы да, болашағы да өзінің даласы! Оның күйігін де, биігін де, билігін де ешкімге бере қоймас деп ойлаймын... Ар жағын өзің шешерсің...

Жәнібек үнсіз отырып қалған. Сұлтандар да, көсемдер де тым-тырс, ханның шешімін күтуде.

Жәнібек. Күдігі мол, күншілдігіміз және бар. Менің жүрегімді мұздататын да осы еді. Күнде соғыс және қажытты. Күнімізді ойламасақ және болмас. Жатпен арпалысқанша, жақынға сүйкенгеніміз дұрыс шығар. Мен қағанатқа қосылып, ел болуға бел шештім. Моғол ханы Жүніске де айтар сәлемім осы. Соның куәсіндей қызы Нагир ханумға құда түсіп, ұлым Әдікке қатын етем.

Қасым. Әке!

Жәнібек. Сен қыранның еркіндігін аңсап едің ғой, қалықтай тұр. Мұхаммад сұлтанды жақсылап күтіп, қонақ етіндер. Енді тараңдар. Мен шаршадым...

Мұхаммад. Тыңдағаныңызға, тындырғаныңызға қуаныштымын, қазақтың ұлы ханы Жәнібек! Бекзада көкем Керей, бауырларым Әдік, Мұрындық, Қасым, өзім дегендеріңе, төзімдеріңе рахмет!..

Жетінші көрініс

Тұңғиық аспан. Көз-көз жетім жұлдыздар. Тым-тырс дала. Мың сан шілделіктің ысқырығы. Ат тұяғының дүбірі құмығып естілген. Қасым құлағын басты. Мылқау дала дым сызбай мелишіді де қалды. Құлағын қайта ашқанда алдында қамшы ұстап Нагир-ханум тұрды.

Қасым. Маған келдің бе?

Нагир-ханум. Асауды ауыздыққа үйреттім.

Қасым. Әдіктің атына мініпсің. Бұғанауыздық емес, қамшы керек еді ғой.

Нагир-ханум. Неге?

Қасым. Қазақ астындағы атыңа, қойнындағы қатынына сенбе дейді.

Нагир-ханум. Неге?

Қасым. Қатын көркімен алдайды, көңілі басқада. «Қатын да алдаудың бір құрған торы, көзге дос, көмескіде ердің сору» дегенді кім айтып еді?.. Жә, қатын көргенін көңілінде көп сақтамайды. Шашы ұзын, ақылы қысқа – өткенді де, өлгенді де тез ұмытады. Бірін көрге бердім, бірінің көзін көрдім деп тұрған сен жоқсың. Сен маған келдің!

Нагир-ханум. Неге?

Қасым. Осының жауабын өзің берсең қайтеді?

Нагир-ханум. Жауабым теріс болса қайтесің? Қатынды тек қамшының ысқырығымен жусат деген өзің емес пе едің?

Қасым. Ендеше, маған қатын боласың!

Нагир-ханум. Хан жарлығын қайтесің?

Қасым. Хан қателеспейді, халық қалпы айтпайды. Маған осының қайсысын қиясың?

Нагир-ханум. Хан мұрагерліктен айырады. Тақсыз сұлтанға қамшы бұйырмайды. Ысқырықсыз халық түгілі мал екеш мал да қайырылмайды. Осыдан қорықпаймысың?

Қасым. Қолымда қылыш тұрғанда қамшыға зар емеспін. Сен түгілі халқыма не керек, бәрін де қылышпен табамын!

Нагир-ханум. Ақыры тақты талақ қылғың келсе, онда Мұхаммадқа қызмет ет. Сонда мен сенің етегіңнен ұстаймын.

Қасым. Ешқашан!

Нагир-ханум. Кімге қызмет еттің, қылышқа бәрібір емес пе. Егер мен саған қатын болсам, қазаққа хан болуды саған жазбаған. Демек, қазақ ордасы бола ма, болмай ма, саған бәрібір емес пе.

Қасым. Қазақты қағандықтан айыру енді ешкімнің құзырынан келмейді. Мұхаммад Шайбанидің де, менің де! Дүниеде ондай күдірет жоқ! Халқымның қарғысына қалғанша, қазір өлгенім артық!

Нагир-ханум (*Қасымды иықтап қамшымен тартып жіберіп, жалт бұрылады*). Ендеше қош бол!

Құмығып алыстап кеткен ат тұяғының дүбірі. Шілделіктің шуылы. Шексіз даланың алау тартқан көкжиегі. Көкжиектен көлеңкедей зорайып көрінген Қасымның сахна төріндегі сұлбасы. Қойкелді шығады. Бала жетектеп Шолпан келеді. Қойкелді оның қолынан алып жетелей жөнеледі.

Қойкелді. Кеттік.

Шолпан. Тоқта! Алдымен көріп алайын. Қойкелдімісің?

Қойкелді. Менмін. Тездет!

Шолпан. Тоқта! Мен сені бес жыл бойы көргем жоқ!

Қойкелді. Енді көре-көре көзің жауыр болатын шығар! Сен менің қосағымсың!

Шолпан. Мен сенің бауырыңның қатынымын!

Қойкелді. Жоқ, сен менің жарымсың, жатырың менің баламды шайқаған! Еремісің, жоқ па?

Шолпан. Ермесем мұнда келмес едім. Мен сені күтумен сарғайған жоқпын ба!

Қойкелді. Тездет дедім ғой! Күзет кеп қалды! Кешіктік! Енді құтыла алмайтын болдық. Сен жалғыз тарт, баламен ешкім тиіспейді.

Шолпан. Жоқ, мен сенен айырылмаймын!

Тойкелді бастаған күзет қоршап алады.

Шолпан. Ой Алла, өзің сақтай гөр!

Қойкелді. Жолды босат!

Тойкелді. Балам мен қатынымды қалдыр да жөніңді тап! Бірақ рет атам! Екінші кезекте қапы алма, қылыш қана сөйлейді.

Жирен сарбаз. Ой, бұл өзбекке несін өзеуреп тұрсын?! Жіберші, өзін найзаға кигізіп алайын!

Тұлымды сарбаз. Найзаны былғап қайтесің, ат құйрығына байла да қоя бер, арқасының қышуы қансыз!

Тыртықты сарбаз. Шарифат заңы деп Бұхарда қатын ұрлағанды таспен ататын еді, өзбекке өз заңы тәтті шығар, кесекпен атыңдар!

Сарбаздар қарқылдап күліп, тас жинай бастайды.

Тойкелді. Тоқтаңдар! Бізде заң жоқ па еді?! Қатын менікі, не істесем де өзім білем! Шолпан, былай тұр, әйтпесе жаханнамға онымен бірге кетесің!

Шолпан. Жоқ! *(Қойкелді жабыса түседі).*

Тойкелді. Бәрібір мен сені одан айырып аламын!

Қойкелді кездігін суырып, Шолпанды қақ жүректен салады. Шолпан табан астында құлап түседі.

Қойкелді. Енді ажыратып ала ғой!

Тойкелді кездігімен Қойкелдіге ұмтылады. Екеуі бірін-бірі пышақтап алыса кетеді де құшақтасқан күйі екеуі де құлап түседі. Арқасында көтерген шырпысы бар ана көрінеді, құшақтасып жатқан екеуін көріп тұра ұмтылады да үстеріне келіп жығылады.

Ана. Шыққыр көзім не көрді?! Жоқ, мүмкін емес!.. *(екеуінің бетіне үңіліп).* О, Жаратқан ием, бұл қай қылғаның?! Не жазығым бар еді?!

Қасым сұлтан ұйқысынан оянгандай селк етіп, көпке қарап тұрады да солай қарай келеді.

Қасым. Бұл не дырду? Мынау өлгендер кім, өлтірген кім?

Тыртықты сарбаз. Ағайынды екеуі, бірі біздікі, бірі өзбек!

Жирен сарбаз. Қатынға таласып, бір-бірінің қапысын тапты, қайырымды сұлтаным!

Қасым. А-а... *(кете береді).*

Ана *(Орнынан тұрып, баланы қолынан жетелейді).* Тоқта! Мен сені білемін! Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтан сенсің ғой?!

Қасым. Иә, менмін.

Ана. Ұлдарымның ажалына жеткен де сендер! Хан мен сұлтандар! Бір халықты қақ бөліп, ағаны ініге қас қылдыңдар! Қатыннан жылан, еркектен лаң шықты!

Қасым. Бұлардың анасы сен бе?

Ана. Аңыраған ана жамыраған малдан көбейді.

Қасым. Менің саған айтарым жоқ. Салтанатпен жерлетем. Сен жеті жылқы, жетпіс қой аласың.

Ана. Маған құныңның да, пұлынның да керегі жоқ! Ұлдарымды топыраққа өзім берем!

Қасым. Сонда саған не керек?

Ана. Менің бір аяғым жерде, бір аяғым көрде! Менің ажалым міне, қасымда тұр! *(баланы Қасымға итереді).* Мә, ал мына жетімді! Енді мұның әкесі сенсің!

Қасым. Есімі кім?

Ана. Қасен еді, енді қасқыр деп қойсаң да өзің біл!

Ана жаулығын шешіп, шашын жайып өліктердің үстіне келіп құлайды. Қасым баланы жетелеп шеттей берген, бала жалтақтап артына қарайлай берген. Қасым оның қолынан жұлқып...

Қасым. Өлікке тесіліп тұрма! Өлсең де артыңа мойын бұрма! Менде ойын жоқ! Сенде мойын жоқ!

Сегізінші көрініс

Жәнібектің шатыры. Жәнібек алақанымен қос самайын басып тұқырайып отырған. Бала жетелеп Қасым кірді. Жәнібек басын көтерместен қабағының астымен ұзақ қадалып қарады. Қасым да міз бақпастан босағада тапжылмай тұрып алды. Жүзінде әлдебір ерегес бар. Әлден уақытта...

Жәнібек. Жетегіндегі кім?

Қасым. Жетім!

Жәнібек. Бүгінде бүкіл қазақ жетім. Мұның жетекке жүретін жетім бе, жетенді үзетін жетім бе?..

Қасым. Әуелі маңдайына, сосын маңайына байланысты.

Жәнібек. Мұның аты кім?

Қасым. Мойынсыз.

Жәнібек. Мойынсыз?.. Тауып қойған екенсің... Тегін біле ме екен?

Қасым. Ағайынды екі жігіт бірін бірі пышақтап өлтірді. Бірі қазақ, бірі өзбек! Ортасында бір қатын құрбандыққа кетті. Қазақ жібергісі келмеді, өзбек жібігісі келмеді. Тегін сұрасаңыз осы, ханием! (*«Ханиемді» әдейі айтып тұр*).

Жәнібек. Жетімді жетістірем деп жетектеп келген жоқсың... Түсіндім... Ағаны іні өлтірсе – тасбауырлығы дер едім. Ініні аға өлтірсе басбұзарлығы дер едім... Қазақты өзбек өлтірсе, өзбекті қазақ өлтірсе не шара... Бітпейтін даудың бітімсіз жаулыққа айналғаны ма?.. Ендеше...

Жәнібек қызметшіні шақырады. Киіндір деген ишарат білдірген. Қызметші хан шапанын кигізіп, алқасын тақты.

Жәнібек. Хан тағынан түскен жоқ! (*Қасымға*) Таяғымды әпер!

Қасым әкесінің таяғын қолына ұстатты.

Жәнібек. Таяқсыз тақта зіл жоқ! Тақсыз таяқта зіл жоқ. Қара тобырдың таяққа көндіру үшін тарысын теріп жеп, тағдырынан аспайтын, тапыраңдап сыртқа қашпайтын аясы алақандай тар шеңберге қама! Ал жылқысы желдеп үйренген, түйесі оңашада күйлеген, ерін жастық қып, найзасынан қос тіккен, кебін тілемей, өзін кебенек ішінде танытқан еркін қазаққа таяқ тым қысқа! Есінде болсын, түбі таққа отыра қалсаң, таяқтың екі басы бірдей екенін ұмытпа! Менің кіндігімнен болғаныңмен, Керейдің аузынан түскендейсің! Дегеніңе жеттің! Енді жарлықты тыңда! Қазақ қағанат құрды! Бүгіннен бастап оның аты – Қазақстан! Қазақстан жатқа да, жақынға да мәңгілік достық жариялайды!

ЕКІНШІ БӨЛІМ

***Запись:** Мұхаммад Шайбани қазақ хандығын құртпақ болып он жылдан астам соғысты. Қала үшін де, дала үшін де қатты қырғын болды. Жәнібек пен Керей қайтыс болған соң таққа Керей ұлы Мұрындық отырды. Қазақ әскерінің бас қолбасшысы Қасым сұлтан 1485 жылы 50 мың қылышпен Созақ пен Сығанақ арасында Мұхаммад Шайбани және оның одақтасы ноғайлықтарды тас-талқан етіп жеңді. Мұхаммад Шайбани қазақ хандығын мойындауға мәжбүр болды да соның кепілдігі ретінде Мұрындық ханның қызына үйленді. Хиуаға қоныс аударып. Мауренахр эмиратын түгел бағындырып, өзбек хандығын құрды.*

Қасым сұлтан Мұрындық ханның әскерін тастап, қазақ елінің кіндігі Ұлытауға көшіп қонды. Қазақ пен өзбек арасындағы тыныштық он-ақ жылға созылған...

Бірінші көрініс

Қасым сұлтанның ордасы. Мойынсыз келеді.

Мойынсыз. Елбасы-бекзадам, ордаңызға ағаның Әдік сұлтанның жесірі құрметті Нагир-ханум келіп тұр. Қабылдауыңызды өтінеді.

Қасым. Кірсін.

Мойынсыз кетеді. Нагир-ханум кіреді. Қасында Гүлбахор. Қыздың қолтығына қысқан қобдишасы бар.

Нагир. Қасиетті ханием...

Қасым. Нагир-ханум... менің хан деген мәнсәбім жоқ, қашан мені таққа отырғызып кетіп едің?!

Нагир. Сен түбітiek кезінде-ақ хан болатынсың. Оны білетін тек өзің, қуыршақты сөйлеткен мен болатынмын.

Қасым. Ажар өшкенмен арман өшпейді, Нагир-ханум, бірақ күпті жүрек пен көңілдегі күдікті түбіт те, сақал да жасыра алмайды.

Нагир. Ниеттегі сасығын, иектегі сақалмен жасырып жүргендер аз ба?! Маған басыңнан сөз асырмай, бас алсаң да жасырмайтын бетке басатын бетпақтығың ұнайды. Жүрегің күпті болса жазармыз, көңілінде күдік болса басармыз. Мұхаммад ханнан жақсылық хабар әкелдім: жау болып жағадан алыспай, ағайын болып табылсақ дейді.

Гүлбахор қобдишадан хат алып Нагир-ханумға ұсынады да шығып кетеді. Нагир-ханум хатты Қасымға береді.

Қасым. Сен тыныштықтың жаршысымын деп келген сайын ізің суымай соғыс басталатын еді ғой.

Нагир. Бауырың Әдік сұлтан соғыста шейін болды. Қара жамылғаным жеті жыл. Қашанда қан іздейтін соғысқұмар еркектер бітім дейтін келені ұмытып кететіні қалай?! Соған қарағанда, басым жерге жеткенше қаралы шапан иығымнан түспейтін шығар. Көрге де сол шапанмен көмгің келмесе, бір пәтуға келерсің.

Қасым. Жүз мың қылышты жалтақтатып, жеріме көктеп кіруді көксеп жүрген Мұхаммадқа осыныңды неге айтпадың? Әлде алдымнан шығып, алдарқатуға келдің бе?..

Нагир. Қара жамылған қатындардың санын көбейткім келмей алдыңнан шыққаным рас. Мені зорлаған ешкім жоқ, енді сен де қорлама Қарыз сұрағандай мына хатты Мұхаммадтан әзер алдым. Көнбесең ол енді қарап жатпайды, қарсы тұруға бұл жолы тісің батпайды.

Қасым. Мен онымен онбір жыл соғыстым. Сұғындық асуында тас-талқаны шығып, Созақ пен Сығанақта қашып зорға құтылған. Енді сол қалаларды тағы да басып алып отыр.

Нагир. Сол ғана ма?.. Әмір Темірдің жұрты Самарханд пен Хорезімді, Тохарыстанды, Қандағарды, Хорасан мен Астрабадты да басып алды.

Қасым. Бәрі де оған қорған емес, менің алдымда оның жолы болған емес!

Нагир. Бұл жолы ажалың содан ба деп қорықтым, хат алып тұрып көзіндегі жауыздықтан торықтым.

Қасым. Ендеше маған қатын бол. Бақиға дейін жесірмін, қаралы шапан кебінім демеп пе едің.

Нагир. Тағы бір сұлтанның басын жұтқым келмейді. Шынымды айтсам, сарқарын тартқан ұрғашының төсегі төре түгілі төлеңгітке де жылу бермейді.

Қасым. Жиырманың тоғызында төсектен суыдым десең де қырықтың тоғызына дейін бала табасың. Оның үстіне сен менің жесірімсің, мен сенің әмеңгеріңмін! Қазақта аға өлсе іні мұрагер.

Нагир. Қазақта сондай заң бар ма еді?

Қасым. Болмаса болғызамыз!

Нагир. Бәсе, қазақтың данасы да, қарасы да төрт қатынның төсегін суытпай тоқтамайтыны содан екен-ау!

Қасым (*қамшының сабымен төрдегі тақты нұсқап*). Анда барып отыр!

Нагир. Енді мені қинама. Мен сені қасіреттен құтқарғым кеп еді. Сен тағы да тағдырыңды өзің таңдадың! Жауабыңды естідім, енді мен жолдан қалмаймын. Ақырғы өтінішім: Мұрындық ханның елшісі Бекті ыждахатпен қабылдарсың.

Қасым. Тыртық Бек пе?.. Сабасына қарай піспегі – санатта жоқ саяқ ханға бүтін елші де бұйырмаған екен... Елші қабылдайтын мен хан емеспін. Келген ізімен кете берсін!..

Қасым бірнеше қадам кете береді де жалт бұрылып қамшысын сілтеп қалғанда ұшы Нагир-ханумның иығын осып түседі. Нагир-ханум шыңғырып

тусыртымен кейін шегінеді. Қасым қайта-қайта қамшысын сілтеген сайын Нагир ханум шегініп барып төрдегі таққа шоңқиып отыра кетеді. Не болды дегендей үрейлі жүзбен Қасымнан бетін көлегейлеген.

Қасым. Мойынсыз!

Мойынсыз кіріп келеді.

Қасым. Молланы шақыр! Қолыңа түскенін жетектеп жет!

Мойынсыз. Құп, бекзадам!

Қасым. Кәзір молла кеп некемізді қияды. Сонымен сен маған қатынсың!

Нагир. Бұл зорлығың бола қоймас!

Нагир-ханум тақтан тұрып кетпек болады, бірақ Қасым қайтадан қамшы көтергенде амалсыз құйрық басқан. Қасым да оның қасына барып отырады.

Нагир. Талайларды қамшылап тақтан қуып түсірген шығар-ау, ал қамшымен таққа апарып отырғызды дегенді істеген жан бар ма екен?.. Баяғыда осыны істеуің керек еді ғой...

Молла мен Мойынсыз келіп кіреді.

Молла. Құзырыңа құлдық, бекзадам!

Қасым. Көп сөзді қой да некемізді қи!

Молла. Алланың құлы Қасым және Алланың құлы...

Қасым. Нагир-ханум...

Молла. Алланың құлы... Нагир-ханум... Құдіреті күшті, қайырымды да кешірімшіл алланың атымен екеуіңді ерлі-зайыпты деп жариялаймын.

Қасым. Енді кете бер!

Молла шығып кетеді. Мойынсыз орнында тапжылма тұрып қалады. Нагир-ханум Қасымды құшақтай беріп Мойынсыздан тіксінгендей қолын жұлып алады.

Нагир. Мынауың міз бақпай тұра беретін бе еді?

Қасым. Сен әлі осында ма едің?

Мойынсыз үндемейді.

Қасым. Бұл жігіт екі жағдайда менің тілімді алмауы мүмкін: әуелі есі кетсе, сосын бақиға өтіп кетсе.

Нагир. Ал үшіншісі?

Қасым. Үшіншісі? Үшіншісін білмедім.

Нагир. Дау қайдан? Жау қайда? Жасағы қанша? Сарбазымыз қанша? Аш па, тоқ па? Сыртыңнан қаңқу сөз айтқан арсыз бар ма? Қастық ойлаған арам бар ма? Ауру-сырқаудан амансыз ба? Қай бұйрығың орындалды? Қай қырсық көнбей жатыр? Қайбір ісің өнбей жатыр?

Қасым. Жә-жә! Болды! Мұның бәрін біле берсең, хан кім, ханша кім, қолбасшы кім, отбасы кім деп былайғы жұрт шатасып жүрер.

Нагир. Ендеше, қазақтың киесі сенсің, отбасыңның иесі менмін. Сұлтан сарайында керіліп жүре алмаспын, оңашада болмаса беріліп сүйе алмаспын. Алдымен отау тіккіз, қонақ үйі қасында болсын.

Қасым. Қонақ күтетін осында адам жоқ деп пе едің? Күндікке келген жоқ шығарсың?

Нагир. Қонақсыз ордаңа құт қонбайды. Қонақ күтпеген ұрғашы қатын боп оңбайды. Сұлтан сарайы көрінген басып кіретін базар емес. Елші кім, тыңшы кім? Жақының кім, жат кім? Жаушы кім, жансыз кім? Мұны білу үшін күн керек. Осының бәрін үш күннен соң менен білерсің. Бірінің бетін бері қаратарсың, бірінің жолын әрі қаратарсың. Бірінің басы кетер, біріне көп болса үш күндік асың кетер!.. Әлде Мойынсыздың жарым қызметін маған қимағаның ба?.. Айтпақшы, астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбе деген екенсің-ау. Қазақ екінінді ұмыта жаздаппын!

Қасым. Мойынсыз, естідің бе не айтқанын?

Мойынсыз үндемейді.

Қасым. Балбал тастай бақырайып тұрысың жаман. Әлдебір төртінші себеп бар ма?

Мойынсыз. Құзыры биік бекзадам, мен қатын алсам деп едім.

Қасым. Қатын? Сенің қатының жоқ па еді?

Мойынсыз. Жоқ.

Нагир. Менің қымбатты әміршім, біз ылғида мыңның атын сұраймыз да, бірдің затын білмейміз. Іш-қатпарында не жатыр: өтінем деп тұр ма, өлтірем деп тұр ма?

Қасым. Бұлардың өсегін аңдимыз деп жүргенде төсегін кім санапты!.. Сонда таңдағаның бар ма?

Мойынсыз. Аса құрметті Нагир-ханумға еріп келген қыз.

Нагир. Гүлбахор?

Мойынсыз. Сол, аса құрметті Нагир-ханум!

Қасым. Оған менің билігім жүрмейді.

Нагир. Ол күң емес. Мұхаммад ханның сарайынан маған еріп шыққан жолбике. Егер көнсе, қатын болуға жарайды.

Мойынсыз. Мың да бір рахмет, аса құрметті Нагир-ханум!

Қасым. Батырдың осал жері қатын екен-ау!.. Жауға шапқанда артына мойын бұрмайтын бетпағым, қатын дегенде қырық бұралды ғой... Жә, ар жағында айтылмаған бір сөз қалды. Енді іске көшелік.

Мойынсыз. Құзыры биік бекзадам, белгісіз біреудің есік күзеткеніне үш күн болды. Түріне қарасам дана секілді, киіміне қарасам дуана секілді.

Қасым. Дуана дұшпан емес, кебін киген мыстан болмаса шақыр...

Екінші көрініс

Қасым сұлтанның шатыры. Мойынсыз әлем-жәлем киімді әлдебіреуді ертіп кіреді. Кірген бойда аман-сүгір жоқ Қасым сұлтанға қадалып ұзақ тұрған.

Дуана сарбаз. Оңаша сөзім бар, құрметті бекзадам!

Қасым. Дуанамен оңаша тұрмақ ошақ басында да сөйлеспеймін!

Дуана басындағы үкілі жыртық бөркін шешіп Қасымның аяғына атын ұрғанда барып сұлтан орнынан тұрды. Бейтанысқа біраз қадалып, Мойынсызға иек қаққан. Мойынсыз лезде шығып кетті.

Қасым. Таныдым... Таразды алғанда сен жүзбасы едің. Созақ шайқасында Айқасқа арғымағым мерт болғанда астындағы атыңды беріп қоршауға жаяу қалғансың. Мен сені бақида шығар деп едім... Мына түріңді көріп танымай қалдым.

Дуана сарбаз. Дуананың шекпеніне кіргенше шеит кеткенім жөн еді. *(шапанын шешіп лақтырып жібереді)*. Самарқан мен Сарыарқаның арасындағы Мұхаммадтың жендеттері жын атып, жансыздары дыртылып айрылады. Қазақпын деген ұрғашыда түрілмеген етек қалмады, қайрат көрсеткен пендеден дүреленбеген еркек қалмады. Он жыл соғысып, айды аспанға шығарғандай алшыңнан түсіп сен жатырсың, айдың-күннің аманында алжасқандай албастының кейпінде мен жүрмін!.. Тебінгіден тер төгіп, белуардан қан кешкен қазағыңның даласы тағы да Мұхаммад Шайбанидің табанында қалды. Қазақ деген елдің аты бар да заты жоқ. Қазақ қағанаты тағы да құлады. Он жылдың бодауына алған еншіміз осы ма?

Қасым. Қағанат құлады дейсің, тақта отырған ханың бар емес пе!

Дуана сарбаз. Ханың Мұрындық қарайып отырғанына мәз. Арыс пен Арқаға дейінгі айшылық жолда ат байлап түсер ауыл да жоқ, тігерге тұяқ мал да жоқ, шұбар далада тек шұбыраған шаң ғана жатыр. Ел тұрмақ, иттің арты тырқ етсе тырғайлап шаба жөнелетін дарақы Ахмет сұлтанды да тиып ұстай алмады. Ол неме Самархан мен Бұхараға жорық жасаймын деп қоқандап шығып еді, Мұхаммад тас-талқан етіп, қалың қолымен Сырдариядан өтіп кеткен жоқ па! Мұрындықта бүгінде мұрын да жоқ. Мұхаммадқа қызымды бердім деп, көшке ерген күшіктей енді қыз соңынан Самарханға көшкелі отыр. Сонда тұтас бір халықтың тағдыры не болмақ.

Қасым. Тым кеш, жарқыным, Кеш.

Дуана сарбаз. Ештен кеш жақсы.

Қасым. Сонда маған не қыл демексің?

Дуана сарбаз. Қазақ емеспісің!

Қасым. Қазақ екенім рас, хан емеспін!

Дуана сарбаз. Саған керегі тақ па еді? Әлде қазақ деген халықтан көңілің қап па еді? Соғыспен дүниеге келген қазақ соғыстан қашпайды. Ұмыттың ба, біздің Әбілхайырдың өзі де күшпен қайтарып ала алмаған, соның жолын қуған Шаих-Хайдар Шайбани де қазақты ноқталаймын деп өз басын өзі жалмаған. Енді Мухаммед қайтадан найза көтерді деп сасамыз ба, болмаса Ұлытаудан асып қашамыз ба? Сонда ата жауың қалмақтың қолтығына барып тығылмақсың ба, әйтпесе жүзіңе қарап жорта күлетін шүршіттің алдына барып жығылмақсың ба?... Ойлан, Қасым. Ойлан да бір шешімге кел. Қатын көбейтіп, орданды балаға толтырғаның мен одан қазақ өспейді. Алтай мен Атыраудың арасын толтыратын күй тілемейтін, үйтсең де үндемейтін көмпіс қара, оның да кәзір төрт құбыласы жалаңаш, алдында ылпа, артында жұртқа жоқ, сардары бордақыға байланған соң сарбазы алабажақ киініп албасты боп жүр. Мұхаммад Ұлытауға басып кірсе басқаша сөйлеседі, өйткені оны сөйлесетін 80 мың қол, оған қоса көшпелі атты өзбектің 10 мың қылышы...

Қасым. Жетер!.. Сен осы жаушымысың, жансызбысың? Мұрындықтың жанасыз оқып, Мұхаммадтың қасынан жаңа шыққандайсың.

Дуана сарбаз. Дуанда не болмайды, дуана қайда бармайды. Көрген көзде, естіген құлақта жазық жоқ. Тыңшы десең де, мінші десең де еркін. Аламын десең бас та мінеки!..

Қасым. Жасауыл!

Жасауыл кіргенде Қасым аяғының астында жатқан дуананың үкілі жыртық бөркін табанымен езіп тұрған, жыртық шапанға қарай теуіп жіберіп, жасауылға иек қақты. Жасауыл екенін жиып алып тайып тұрды. Қасым керегеден өзінің оқалы шапанын алып дуананың иығына жапты, төре қалпағын басына кигізді.

Дуана сарбаз. Өз кәлләнді өзің шаппайтын шығарсың, қалпақтың қасиетімен бейбақ басым аман қалды ма деп тұрмын.

Қасым. Қасиет қалпақта емес, баста шығар. Жаманға қалпақ кигізсең басқа шығар. Осыны ұмытпасаң болды!

Осы кезде Мойынсыз келіп кіреді.

Мойынсыз. Мәртебелі бекзадам! Жүз басы мен мыңбасылар, ру басылар жиналып дүрілдесіп тұр. Өзіңнен ишарат күтеді. Қос кебезелі тең артқан түйелі Тыртық хан сарайынан сыйлығым бар, елшімін деп қоймайды.

Қасым. Тартығың Самарханды көшіріп келсе де құны құмалақ! Игі-жақсылар мені нағып сағына қалды екен?..

Қасым мен Мойынсыз шығып кетеді. Дуана сарбаз онекі қанат үйді шыр айналып, керегеде ілулі тұрған бес қарудың әрқайсысын бір ұстап көріп жүр. Оның ту сыртынан әлдебір көлеңке ойқақтап қуалап жүргендей болған. Бір кезде ымырттан шыққандай бұтындағы ылпасынан басқа дымы

жоқ, жалаңаш мықынында белдік, қолында селебе ұстаған бейтаныс атылып келіп Дуананы ту сыртынан бас салды. Бас салып бауыздап жіберді. Жан ұшырған дауыстан қайтып кірген Қасым қашып шығар жыртық іздеп аласұрған баскесерді, жайрап жатқан дуананы көріп жабықтап қайқы қылышын суырып тұра ұмтылған. Қарсы шапқан баскесерді сұлатып салып...

Қасым. Жасауыл!..

Артына бұрылып, аңтарылып тұрып қалған. Айқай-шуға жиналған қолбасылар, ру басылар серейіп жатқан екі бірдей өлікке үдірейе қарасып тұр екен. Тым-тырс үнсіздік. Екі бірдей басты шапқан кім болды дескендей Қасым қолындағы қанды қылышқа күдіктене қарасқан...

Қасым *(Дуананы нұсқап)* Мына сорлының орнында мен жататын едім... Жау қоршауынан бір алып шығып еді, ақыры мен үшін жанын беріп тыны... Салтанатпен жерлеңдер, Асына жеті жылқы, жетпіс қой құрбандыққа шалынсын!..

Осы кезде аптығып Мойынсыз кіріп келеді.

Мойынсыз. Құзыры биік бекзадам, теңнің бір басында мата, екінші кебеже бос.

Қасым. Екінші кебеженің сый-сияпаты мұнда жатқан жоқ па! *(Екінші өлікті нұсқап)* Сол кебежесіне салыңдар да түйесіне артып қоя беріңдер. Шыққан жеріне адастырмай апаратын шығар! Әлгі Тыртық қайда?

Мойынсыз. Ол ұшты-күйді жоғалды, бекзадам.

Қасым. Барсын! Елшімін деген жоқ па.

Жасауылдар екі өліктің бірін көтеріп, екіншісін сүйрей жөнелген. Қасым енді жиналған көпке бұрылған...

Қасым. Ал, енді не тұрыс?! *(Жаушының бірін нұсқап)* Сен Мұрындыққа аттан! Тақтан түстім, билік Қасымға көшті деп халыққа жар салсын! Егер осыны істемесе, мен өзім барам. Тақты қимаған басы боқта қалады деп айтасың! *(Екінші жаушыға).* Сен Самарханға, Мұхаммадқа аттан. Сыр бойынан кетсін! Қазақтың ботасы тұрмақ, сырдың бұтасына қол тигізбейтін болсын! Егер осыны істемесе, тұратын жерді мен айтам!.. Сен! Сен! Сен! Сен! Сен! Сен! Жетеудің ел ішіне аттанасыңдар! Бір шеті Тәшкент, бір қанаты Тараз – түгел көтересіңдер! Жау келер жолда адам тұрмақ аң қалмасын, тігерге тұяқ табылмасын! Өзенді бұра алмассыңдар, шөлдегі құдық біткенді киізбен жауып, үстінен құм айдап жіберіңдер!.. Ұлытауға жетем деген жау болса, қайтып елін таба алмай ұлып кететін болсын!.. Сардарлар! Жүздіктер, мындықтар сақадай сай тұрсын! Бірақ менің бұйрығымсыз жауға салмайсыңдар! Алдағы шайқас алдау мен айланың, жүз

қылышқа бір қылыштың сайысы болмақ! Мойынсыз! Орданы, осы жауға салмайсыңдар! Алдағы шайқас алдау мен айланың, жүз қылышқа бір қылыштың сайысы болмақ!.. Мойынсыз! Орданы, осы маңдағы қарашасы бар, алашасы бар үйлерді түгел жығып, шатқал ішіне апарып тігесіңдер. Жау жақындағанда тірі тышқан қалдырмай алып шығасың!.. Барындар! Игі-жақсылар осында қалыңдар!..

Елшілер, жаушылар, жасақ басшылары түгел кетіп, ру басылары мен игі-жақсылар ғана қалған.

Қасым. Қадірлі игі-жақсылар! Ен дала елге толар. Бірақ ел болу үшін жер керек. Жерім бар деп қаңғыра беруге де болмас. Қаңғырған жұрт халық емес – тобыр! Халық болу үшін қағанат керек. Қағанат болу үшін заң керек! Халық болу үшін қағанат керек. Қағанат болу үшін заң керек! Халық заңға жүгінбесе, ол қағанаттың азаматы емес! Хан халықтың киесі, халық жердің иесі! Екеуі де заңға жүгінеді. Әйтпесе бұл қазақ тағы да бүлінеді! Тұрмысың бар, тіршілігің бар, әскерің бар, әлеуметің бар, бәрін бір уысқа жиып келгенде – отбасыңнан Отаныңа дейін бұдан былай заң дейтұғын бір ғана қасқа жолмен жүресіңдер! Мына мен салған қасқа жолмен!..

Үшінші көрініс

Кешкі ымырт болса керек. Көз ұшында тау сілемі. Көз ұшында әр жерде жалпылдаған оттар. Құмығып жеткен музыка сарыны. Негізінде керней сазы болса керек. Даптың тонқылы естіледі. Мұның бәрі жаттың музыкасы. Жаттың мәз-майрамы. Қасым мен Мойынсыз оны сырттай болжап тұрған болса керек.

Қасым. Жырғап жатса керек...

Мойынсыз. Кешір, ханием, қате айтсам – қара басым құрбандық. Мен қатын алам деп ойлаған жоқ едім. Бірақ мен де адаммын ғой...

Қасым. Тантымай тұр! Мен сені танымай тұрмын! Қатын батырдың да басын қатырады екен-ау! Саған қатынның не керегі бар? Батырға бала белде, қатын жолда емес пе! Онанда іске көш!

Мойынсыз. Ханием, бұйрығың бойынша орданы бүкіл қарашасымен шатқал төріне тіккен едік, бізді тауға қашты деп ойласа керек, жалт қолы бірден барып басып кірді.

Қасым. Мөлшері қанша?

Мойынсыз. Көзге сенсем. Сүйінші-Қожада отыз мыңдай. Негізгі тәжіктер мен бұхар жөйттері. Одан төмен шатқал аузында Ұбайдолла сұлтанның атты өзбектері. Нағыз қанқұйлы сарбаздар.

Қасым. Кәрі қасқыр Ұбайдолла қауыпты. Талай рет найза түйістіріп көргем.

Мойынсыз. Ұбайдолланың өзбектері аттарын баптап, қаруларын сайлап жатыр. Сұлтан Сүйінші-Қожа бір қора кәнізектарын ала келген екен, хан шатырында шарап ішіп, масайрап жатыр.

Қасым. Жеңісін тойлап жатыр екен ғой. Батырлар мен сардарларды соңғы кеңеске шақыр. Мұхаммадтың мұнда келмеуі мүмкін емес. Жиырма жыл бойы менен таяқ жеп еді, менің тізе бүккенімді көру оның көптен бергі арманы. Демек, өзбектерге тағы да он мың қол қосылады деген сөз. Мұхаммад түлкідей жылмаң, қай жағыңнан, қашан келгенін де білмей қаласың.

Мойынсыз. Ендеше оны қалай білеміз?

Қасым. Мынау даңғыр-дұңғыр басылысымен асудан лап қоясың!

Мойынсыз. Құп болады, ханием!

Төртінші көрініс

Өзбек қолының лагері. Шатыр алдында сұлтандар мен қолбасылар, орталарында Сүйінші-Қожа, кернейшілер мен сырнайшалыр сұңқылдатып, бишілері бұралаңдап, шарап ішкендер жырғап жатыр. Нөкерімен Мұхаммад хан келгенде барлығы да орындарынан атып-атып тұрысады.

Мұхаммад. Әскерді шатқалға қамаған кім?

Сүйінші – Қожа. Бұл Қасым сұлтанның ордасы. Келдік те бірден басып алдық!

Мұхаммад. Басып алғаныңды көріп тұрмын. Бірақ сұлтанның өзі қайда?

Сүйінші – Қожа. Зәресі ұшқан қазақтар үйлерін жықпастан апыл-құпыл асудың ар жағына бірақ құлады. Даланың арланы деп жүрген сұлтанымыз азусыз боп шықты. Есін де жия алмай жатқан шығар!

Мұхаммад. Арлан азуын көрсеткен жоқ! Шатқалға әкеліп қамаған екен, енді тырп етіп бақ! Сен жеңдім деп тойлап жатқанда, ол тулатпай бауыздаудың амалын ойлап жатқан болар! Аллаға шүкір, әйтеуір Ұбайдолла қақпанға өзі кеп басын сұқпапты...

Сүйінші – Қожа. Онда алды-артына қарамай қашқандары қалай?

Мұхаммад. Кәзір мына таудың әр тасында, әр ағаштың тасасында бір қазақ! Басқан ізінді қалт жібермей бақылап отыр. Кәзірден бастап сапты бұзбай, тәртіпті сақтап бүкіл әскерді шатқалдан алып шығындар. Бір тәулік уақыт берем!

Абыр-сабыр айқай. Күзет жасаулы келіп кіреді. Келе Сүйінші-Қожаның аяғына жығылады.

Жасауыл. Хозақлар! Хозақлар! Хозақлар!

Мұхаммад. Мына ти не деп қыңсылап жатыр?!

Жасауыл (*ханды енді байқап*). Қасиетті ханием, қазақтар асудан түсіп тап берді! Таудың тас қорымындай қаптап келеді!

Мұхаммад. Қанша қол?

Жаушы. Білмедім, қасиетті ханием, шатқал тар, қарайғанның бәрі көзден таса, қара-құраның бәрі жыбырлаған адам секілді.

Мұхаммад. Кәзір олар екі қапталдан лап қояды! Тездетіп шатқалдан шығу керек!

Айқастың сарт-сұрт дыбысы естіледі. Асығыс шегінен Мұхаммадтың әскері, аласапыранның үстіне Бек-Тыртық аптығып жетеді.

Бек. Құзыры биік ханием!

Мұхаммад. Жолдан былай тұр! *(Тыртықты итеріп жібереді)*

Бек. Қасиетті ханием! Ана... ана жақта...

Мұхаммад. Ол жақта не боп қапты?!

Бек. Қасым сұлтан бүкіл әскерімен Ұбайдолла сұлтанның ту сыртынан келіп тиісіп, шатқал аузын бітеп тастады!

Мұхаммад. Айқас жүріп жатыр ма?

Бек. Жоқ, қасиетті ханием, өзбек қылышынан дым қалған жоқ, шатқал аузында саңлау да жоқ! Бірақ бәрібір біз жеңеміз. Қасым жеңіс рахатына қарық бола қоймас. Ажал семсері оның өңменіне қадалайын деп тұр!

Мұхаммад. Мен оны айқаста адал женуім керек! Ақсүйек намысын қорлауға қақым жоқ!

Бек. Айырмасы қанша, қасиетті ханием?! Бәрібір ол өледі!

Мұхаммад. Ол өлген күннің өзінде де жеңістің ұранымен, құранның шапағатымен көмілмек. Мен тірі қалғанда да тауым жығылып, қарумен келіп қара жамылып қайтпақпын! Бірақ сен мәлғұн мұны түсінермісің!

Бек. Құзыры биік ханием, жеңістің тағдырын шешетін шежіренің қаламы. Таурих соның қолында, аузын алтынмен кептесең, ар жағында қақырық жұтқызсаң да қылғыта береді. Кешігіп барамыз, ханием. Ташкент сұлтаны Сүйінші-Қожа Түркістанға алып шықпақ, атты жасауыл күтіп тұр!

Арсы-күрсі айқай, сартылдаған қылыш шаңқылы естіледі.

Мұхаммад. Күтіп тұрғаны осы ма?.. Енді Түркістанға емес, бақиға аттанатын шығармыз!..

Бек шатырдан шыға қашпақ болып еді, қарсы жолыққан Мойынсыз оны кейін итеріп құлатады.

Мойынсыз. Көзіңе қара, шұнақ құл! Қазақтың ханы келе жатыр!

Жалаңаш қылышын оқталып шатырға екі сарбаз кіріп келеді. Соңында Қасым.

Қасым. Кешір Мұхаммад, сен мені Хиуаның моншасына шақырып едің, сан жыл бойғы ойраннан омалып шыға алмадым. Сәті енді түсетін шығар деп тұрмын.

Мұхаммад. Есесіне қанға шомылған жоқпыз ба. Мен осы моншаға да тойып отырмын.

Қасым. Тәубеңе келіп қапсың, осыңа да разымын, бауырым. Бас кеткеннен бақ тапқан ханды, қан кешкеннен хайыр тапқан халықты көргенім жоқ.

Мұхаммад. Өйткені, соғыстың ақылдысы да, ақырғысы да болған емес.

Қасым. Жоқ, бауырым, бұл арамыздағы ақырғы соғыс. Ақылға көнсең – бітістік, ақымақ болсаң – мен ат суытпай тұрып Хиуанның моншасын барып көретін шығармын.

Мұхаммад. Қасым, мен өз жерімде отырмын. Бұл атам Абу-ел-Хайыр Шайбанидың отаны. Мінеки, өзбек ұлысының тағы да осында тұр.

Қасым келіп тақты құлатады да құлаған тақтың қырына нығызданып отырады.

Қасым. Мұнда мен отырмын!.. Мен!

Тым-тырыс үнсіздік.

Мұхаммад. Жеңген сен едің, жеңілген мен. Сен неге жерге қарап отырсың?..

Қасым. МЕН сені қонаққа шақырып па едім?! Қоңсы бол деген жоқ па едім!.. Хасен, хан сарайын сағынып қалған шығар, апар да басына күрке тауып бер!..

Бесінші көрініс

Бет-аузы шаң, өңірі қан Мойынсыз аптығып жеткен. Гүлбахор әлдекімді күтіп тұрған. Алдымнан қыз тосады деп ойламаған Мойынсыз соқтығып қала жаздап, құшақтап ала жаздап, найзадан түршіккендей кейін серпіліп, абдырап тұрып қалды.

Гүлбахор. Қашып келе жатырмысыз, тасып келе жатырмысыз?

Мойынсыз. Мен... Мен... Біз... Бізжендік!.. Жау қолы түгел қирап, қалғаны Түркістанға қашты...Хан... ханын тастап қашты!..

Мойынсыз. Ханның басын қара шаппайды.

Гүлбахор. Ендеше кімге асықтыңыз.

Мойынсыз. Өзің нағып тұрсың?

Гүлбахор. Сіздің жолыңызды тосып... Маған осы жерде сізді күт деп бұйырған.

Мойынсыз. Нагир-ханум ба?

Мойынсыздың бетіне қуаныш жүгіріп, әлдебір үміт күткендей ыржиып Гүлбахорға жақындай түседі. Қыз қойынындағы жібек орамалға ораған әлдебір затты қолына алып бір адым кейін шегінеді.

Гүлбахор. Хан бұйырса қараңды батырады, ханшайымның бұйрығы төсекке шақырады. Бірақ мұның екеуі де емес.

Мойынсыз. Мен сені... Мен саған... Енді былай... Өзің де сезетін шығарсың...

Гүлбахор. Сеземін. Тек артынан өкініп жүрме. Бөтен босағаны көрмесем де бөде емеспін. Қараның қолаңса сасыған қолтығына кірмесем де қамқалы хандардан құралақан емеспін. Мен де өзіндей жалғызбын. Мен де өзіндей біреудің майлығымын. Сүйенерім де жоқ, сүйгенім де жоқ, мені сүйген де ешкім жоқ!

Мойынсыз. Ендеше... Мен сүйсем ше?

Гүлбахор жібекке ораған селебені ұсынады.

Мойынсыз. Бұл не? Сыйлығың ба, әлде... әлде сиындым дегенің бе?..

Гүлбахор. Бұл Бектің сәлемі.

Мойынсыз. Бектің?.. Әлгі тыртықтың ба?

Гүлбахор. Бектің! Мұрындық ханның елшісінен.

Мойынсыз. Мынау селебе ғой. Сәлемге жібергені несі? Қас дұшпаныңмын дегені ме?..

Гүлбахор. Қасым ханды өлтір! Сонда мен саған қатын болам! Өйтпесең мен бұл дүниеде жоқпын!.. Жоқ қылады!..

Мойынсыз есеңгіреп тұрып қалған. Гүлбахор оның дағдарған жүзіне бір қарап, теріс бұрылып кете береді.

Мойынсыз. *(кездікті аударып-төңкеріп)* Қазаққа қатын қымбат! *(Ойланып).* Халыққа хан қымбат!.. Сені өзбекке қор қылғанша, өз қолыммен жайратайын!.. *(селебені құлаштан атып ұрады)* *(тыстан баж еткен әйел дауысы естіледі).*

Алтыншы көрініс

Құбыласы көкжиектен ұласқан, шаңырағы көк аспан, көз ұшында көк белестер, биік дөңнің басында ұлы жиын: тақта Қасым, оған іргелес Мұхаммад Шайбани, сұлтан Сүйінші-Қожа, ноғай мырзалары, Мойынсыз, игі-жақсылар.

Жасауыл. Моғолстанның ұлы мәртебелі Саид-ханы!

Қасым. Мінеки, төрт көзіміз енді түгелденген шығар.

Саид келеді.

Саид. Ассалаумағаләйкум қазақтың ұлы ханы Қасым, өресі биік, өркені шексіз, өзегі бір бауырым,. Көптен көрмеген, көңілімнен көшпеген қымбатты менің апайым Нагир-ханум аман ба?

Қасым. Әлей болсын, Саид-хан! Парсылар аспандап сөйлеуге үйретіп-ақ тастапты-ау! Тәтті сөз дәм үстінде ғана жүйрік. Біздің уайым мынау қара жердің бетінде. Тіршілігіміз де қарапайым. Сонсоң да ашық сөйлеп, анық жауап алғанды ұнатамыз.

Саид. Ағалығыңды ескеріп, бағанды да ескеріп, таққа отырғалы алғашқы сәлемімді өзіңізден бастағалы әдейі келдім.

Қасым. Естідім, ұйғыр мен Моғолстанға бас болыпсың. Баламмен жасты болсаң да терезең тең, бақ сынаспайтын, тақтың таккаппарлығынан биік туғаным деп түсенемін. Мына отырғандар да алысың емес: бауырың Мұхаммад Шайбани, сұлтан Сүйінші-Қожа, Ноғай жұртының мырзалары.

Сүйінші – Қожа. Кешір ханием, осы біз тұтқынбыз ба, қонақпыз ба?

Қасым. Тұтқын болсаң аяқтағы бұрау, қолдағы бұғау қайда? Әтір мүңкіген сарайда отырмадым демесең, иіс-қоңысыңды желге қақтырып, сарай тынысыңды ашатын мынау сары даланың көк күмбезі тақияңа тар келді ме?! Тізе түйістіріпжақын отырындар, біріңнің бөксеңді екіншің етектеріңмен қымтаңдар! Іргең берік болсын! Бауыр мен бауыр жауласпасын, қарындастың уайымы қабырғаға батпасын, ағайын бірін-бірі сатпасын деп едім. Соған көнбегеннің көбі осында отыр. Ұлы Тұранның тұтастығын ойлап, ұлан-ғайыр жер алып берген Шыңғыстың ұрпағы едік, бүгін міне қырқысамыз деп қырыққа бөлініп, бір халықты қас маңдайдан қаққа айырып, шырық бұздық. Алланың құлын, Пайғамбардың үммәтін шарифатпен қорқытып, адамның құлы етпек болдық. Менің қолымнан келгені – ежелгі Тұранның кіндігін қазақ деген ежелгі тайпаның бәсіресі қып бекіту еді. Мақсатыма жеттім бе, жетпедім бе, оны қазақ деген ел біледі. Әкем жәнібек жария еткен Қазақстанның туын қайта қадап отырмын. Бірақ жеңдім деп тұрған мен жоқпын. Қуанышы – қас қағым, қасіреті – өмір-бақи ұмытылмас өкініш! Ақ ту ұстап, ел болалық десеңдер – құшағым ашық! Көк ту ұстап, ереуілге шақырам деп енді қайтып қажаушы болмаңдар!

Саид. Түсіндім, мәртебелі хан. Ұлытаудағы шайқаста бұл өңірді қайтпастай қып қазақтың қанжығасына байладыңыз. Бірақ бір таңқалатын нәрсе, *(Мұхаммад бұрылып)* кешіріңіз, Қасым ханның жалғыз жүздігі Мұхаммадтың жүз мыңдығын тас-талқан етіпті деген рас па?

Қасым. Бұл шайқаста Мойынсыздың желкесінен басқа таңқалатын ештеңе болған жоқ. *(Мойынсызды ыммен қасына шақырып)* Жеңістің бүкіл ауыртпалығын көтерген осы мойын. Мұның мен қойған аты Мойынсыз. *(Қасым алдына келген Мойынсызды қыр желкесімен көпке бұрады)*.

Саид. Мұндай атты ақын да тауып қоя алмас!

Қасым. Хасен, жеңісіңнің құнына жетерлік сый беремін. Менен не қалаймың?

Мойынсыз басын шайқайды.

Қасым. Қалыңдықты таңдасаң – қалыңмалын өзім өтеймін!
Мойынсыз. Менің жарым мынау.

Мойынсыз селбені қынынан суырып Қасымның өңменіне тақайды. Қасым селебеге үңіліп тұрып қалған. Отырғандар қатты сескеніп екеуіне үреймен қарасқан.

Қасым. Мынау хиуаның қолөнері ғой. Жүзінде қанның ізі бар секілді.

Мойынсыз селбені қынына салып Қасымға береді.

Мойынсыз. Мен он жасымнан кездікпен ойнадым. Мәртебелі ханием, сен маған әке болдың, мен сенің балаң едім, сарбазың да болдым, сардарың да болдым. Енді қарумен қоштасып, кетейін деп тұрмын. Ханием, әке, мені босатыңыз.

Қасым. Сонда не істемексің?

Мойынсыз. Қазақ боламын.

Қасым. Қазір де қазақ емеспісің.

Мойынсыз. Жоқ, мен жауынгермін. Қазақ деген ешкімге бағынбаған, Алладан басқа ешкімге табынбаған, малын бағып, ұрпағын жер-көкке жайған еркін халық, Мен білсем, қазақ осы!

Қасым. Бұл менің қателігім. Мен жетімнен жауынгер жасадым. Бірақ сен атыңды өзің шығардың. Сол атың қазақпен бірге жасайтын болады. Қателеспе, сен әуел бастан ерікті жансың. Ендеше мен жаңа заңға жаңа бір сөре қосамын: бұдан былай хан сайлауына тек қарулы қазақ қана қатыса алатын болады.

Дауыстар. Табылған ақыл! Тек солай болсын! Бәріміз осыған жүгіндік!

Мойынсыз. Босатыңыз мені.

Қасым. Бара ғой. Көктегі қыран секілді қайда қанат қақсаң да еріктісің! Терістегі қонысың Қарқаралы, жайлауың Алтай, суатың түстіктегі Балхашқа құяр Жеті өзен, малыңды Жайықтың жағасына дейін өргізесің!..

Жайықтың естігенде Ноғай бектері орындарынан тұрып кетеді. Қасым оларға мән бермегендей.

Қасым (Мойынсызға). Базарың Сыр бойындағы бүкіл қалалар. Бұған Түркістанды да қос. Бұлар тарлық қылса ар жағында Ташкент те бар. Енді бара ғой!..

Мойынсыз кетеді.

Қасым (Ноғай бектеріне). Ноғайдың ендігі жері Жайықтың арғы беті. Орыстан пана күтпеңдер. Дегенмен, Мәскеудің ұлы князі Василий

Үшіншімен елші алмасатын болдық. Бергі бетте қаламын дегендерің қазақ деген атпен кіресіндер. Қарсылық бар ма?

Бірінші бек. Жоқ, биік мәртебелі ханием! Қазақ боламыз!

Екінші бек. Қазақпын, ханием!

Мұхаммад. Ташкентте менің ағам Убайдулла отырған. Демек, ол ежелден Шайбанилер қонысы!

Қасым. Ташкентті Сүйінші-Қожаның билігіне беремін. Ел арасындағы татулық пен достықтың дәнекері болсын!

Мұхаммад. Сонда маған, өзбек ұлысының ұлы ханы Абу-әл-Хайырдың немересіне не қалды?

Қасым. Хиуалықтар сені күте-күте күдерін үзген көрінеді. Естуімше, Хиуа және Бұхар хандықтары салтанат құрыпты деседі. Мен саған бір жүздік қол беремін. Бар-дағы билікті тартып ал!

Мұхаммад. Жоқ, маған өзбегімнің мыңдығын бересің!

Қасым. Өзбегінде өзіңнен басқа өлермен қалған жоқ. Оның үстіне сен Хиуаға жеткенше сатып кете ме деп қорқамын.

Мұхаммад. Бәрібір, бітім жоқ! Маған Хиуа да, Бұхара да, Ташкент те қажет!

Қасым. Саған ел емес, тақ керек! Ар жағында Герат бар, Ауған жатыр. Бар да билей бер! Жасауыл! Мұхаммадтың көші мен күймесін дайындап, сұлтанға лайық бел асырып шығарып салыңдар! Енді қайтып Қазақстанға, қазақ деген елге аяқ аттап, бас сұқпайтын болсын! Бәрің де ұзын арқан, кең тұсау! Бәрің де Қасым салған қасқа жолды ұмытпаңдар!..

Мыңдаған дауыс. Алаш!.. Алаш!.. Алаш!..

«Алаш» деген дауыс көкжиекке созылған көп белдерді күңірентіп, сары даланы жаңғыртқан!..

ШЫМЫЛДЫҚ